

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№82

2021 жылғы 9 желтоқсан

Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 14 қаңтардағы №12 «Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 146 және 159-тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 14 қаңтардағы №12 «Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасы туралы» шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің тақырыбындағы және бүкіл мәтіні бойынша «Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасы (Бағдарламасына, Бағдарламасында)» деген сөздер «Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары (Жоспарына, Жоспарында)» деген сөздермен ауыстырылсын;

Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары (бұдан әрі – Жоспар) осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыстық басқармалар Жоспарда белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы облыстық басқармалармен бірге, белгіленген тәртіпке сәйкес Жоспардың іске асырылуын және мониторингін жүргізісін.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ